

Ел жүрегі - елорға шежіресі

АСТАНА АҚШАМЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Адами капитал – сапалы білімнің негізі

Мәжіліс депутаты Ирина Смирнова алғашқы еңбек жолын мектепте мұғалім болудан бастаған. Сондықтан білім саласының жағдайын жақсы біледі. Парламент қабырғасында осы саладағы қордаланып қалған проблемаларды ашық айтып, оларды шешуге жиі үн қосып отырады. Біз бүгін халық қалаулысымен білім саласындағы өзгерістер туралы әңгіме өрбіттік.



– Ирина Владимировна, Елбасы жақында халыққа арнаған кезекті Жолдауында білім саласына қатысты көп мәселелерді жіліктеп айтты. Әсіресе, «Педагог мәртебесі» туралы заң қабылдану керек деді. Осы жаңа заңға қандай ұсыныстар айтар едіңіз?

– Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған әр Жолдауында адам капиталының сапасын жақсартуды үнемі айтып келеді. Расында, қоғамда барлық мәселені адам шешеді. Ол үшін адамға ең керекті – білім, денсаулық мәселелеріне ерекше көңіл бөлінген жөн. Сондай-ақ елдің дамуын жер астындағы пайдалы қазбалармен өлшей беруге болмайды. Мәселен, Жапония, Оңтүстік Корея және Сингапур секілді елдерде ешқандай пайдалы қазбалар қоры болмаса да, олар сапалы адам капиталының арқасында әлемнің көшбасшы мемлекеттеріне айналды. Сондықтан адами капитал сапалы білімнің негізі саналады. Қазір қоғамда ұстаздардың беделі бұрынғыдай емес. Олардың әлеуметтік жағдайлары да сын көтермейді. Педагогтардың жалақысы төмен болғандықтан, мектепке білікті мамандар

бармайды. Балабақшаларға да тәрбиешілер тұрақтамайды. Баспана мәселесі де жиі толғандырады. Анығын айтқанда, білім саласында осындай біраз мәселелер қордаланып қалды.

Бірақ Президенттің жақында жарияланған Жолдауы ұстаздар қауымын бір серпілтті. Мемлекет басшысы «Педагог мәртебесі» туралы заң қабылдауды ұсынды. Енді мұғалімдер беделі қайта көтеріледі деп ойлаймын. Жаңа заңда білім саласының мамандарының құқықтары мен әлеуметтік мәселелері жан-жақты қамтылу қажет. Менің ойымша, ұстаздардың жалақысы еліміздегі орташа еңбекақыдан жоғары болса деймін. Жас мұғалімді де назардан тыс қалдыруға болмайды. Ұзақ жылғы тәжірибесінің нәтижесінде қатардағы мұғалімнен үздік маманға айналған педагогтарға қандай да бір артықшылықтар жасалу керек. Содан кейін мұғалімдерді 25 жылдық еңбек өтілімен зейнеткерлікке шығаруды ойластырған дұрыс. Әсіресе, ауыл мұғалімдері әлеуметтік қолдауға зәру.

Бізде мұғалімдер жұмыстарын тексеретін мемлекеттік мекемелердің де саны едәуір. Осы мекемелердің қызметін оңтайландыру қажет. Өйткені олардың арасында мектеп пен ұстаздарға шын жаны ашитындары аз. Көбісі жоғарыдан тапсырма беріп, орындатуды біледі. Қысқасы, педагогтардың жұмысын тексеруді азайтып, оларға шығармашылықтарын дамытуға мүмкіндік беру керек.

Еліміздегі жекеменшік білім ордаларына да жеңілдіктер жасалса артық болмайды. Үш ауысымдық мектептердің мәселесін осы білім ұялары арқылы шешсек, арзанға түседі деп ойлаймын. Дегенмен жаңа заңға енетін өзгерістерге ата-аналардың, педагогтардың, оқушылардың пікірлері ескерілгені жөн.



– Сіз Парламент Мәжілісінде білім саласына байланысты біраз мәселе көтердіңіз.

Қорытындысы қалай болды?

– Иә, ол рас. Үкіметке мұғалімдер мен тәрбиешілердің әлеуметтік жағдайы, оларға міндеттелген артық жүктемелер жайында онға жуық сауал жолдадым. Алғашқы кезде Үкіметтен ұсыныстарыма «қаржы жоқ, күтіңіз» деген мардымсыз жауаптар келді. Бірақ кейінгі жылдары жіберген сауалдарыма келген жауаптар мені үміттендіре бастады. Қалай дегенмен де, қазір алға жылжу бар. Мұғалімдердің жалақысын көтеруді қолға алды. Олардан сабақтан тыс уақыттағы артық жүктемелері алынып тасталды. Президент өз Жолдауында бұл мәселелерге кеңірек тоқталды.

– Бүгінде қашықтықтан оқыту жүйесі қолға алына бастады. Сіз бұған қалай қарайсыз?

– ҚР Білім және ғылым министрлігі педагогтардың біліктілігін көтеру барысында мұғалімдерді өндірістен, яғни мектеп пен оқушыдан үзбей қашықтықтан оқытуды барынша белсенді пайдалануды қолға алды. Бұл ұстаздың біліктілігін арттырудағы жауапкершілігін күшейтеді. Қазір бұл оқыту жүйесі кең тарап барады. Кейбір ата-аналар балаларын қашықтықтан оқыту арқылы шетелден білім алады.

– Қоғамда бала тәрбиесі де өте өзекті мәселеге айналды. Сіз бір сауалыңызда балалардың болашағына қауіп төндіретін интернет сайттарын бұғаттау туралы айттыңыз. Бұл мәселе шешімін тапты ма?

– Қазір ғаламтор өміріміздің бір бөлігіне айналып үлгерді. Енді одан ешқайда қашып құтыла алмаймыз. Және бұл мүмкін де емес. Елімізде балаларды қажетсіз ақпараттан қорғау туралы заң қабылданды. Мемлекет шығаратын немесе мемлекетке әкелінетін әрбір контенттің жас мөлшерлік белгісі болатындығы да анықталды. Ақпаратты сүзгіден өткізетін, «ақ» ғаламтор болады және оны балалардың қолжетімді ресурсы ретінде орнатамыз деп айтылып жүр. Бірақ балаларымызға жарамайтын нәрседен оларды қорғай алмайтын тәріздіміз. Сондықтан жеткіншектерді ақпаратпен жұмыс істеуге, талдауға және сүзгіден өткізуге үйретуіміз қажет. Бұл жерде түйеқұстай басымызды құмға тықпай, баламен немесе оқушымен қарым-қатынас жасап, оларға кездесетін кедергілер мен қауіп-қатерлер жайлы айтып отыру керек. Бүгінгі балалардың бойынан шектен шыққан тәрбиесіздік пен әдепсіздікті байқамадым. Керісінше, қазіргі жеткіншектер байқампаз, ақылды, мейірімді болып өсіп келеді.

– Соңғы жылдары ҚР Білім және ғылым министрлігі білім саласында біраз реформалар жүргізуде. Сіз осы жаңа жобаларды қолдайсыз ба?

– Бұл жайында Президентіміз қазанда жариялаған Жолдауында таратып айтты. Сонда Елбасы білім саласындағы бітпейтін реформаларды тоқтатып, оларды жұмыс істетуге туралы ұсыныс жасады. Шындығында, елімізде білім саласындағы реформалар жиырма жылдан беріп дамылсыз жүріп келеді. Әрине, оны бұрынғы білім жүйесімен салыстыра алмайсыз. Заман ауысқаннан кейін заң да ауысады. Алайда бұрынғы білім жүйесінің

жақсы жақтары болды. Оны да айтқан дұрыс. Кейбіреулер кеңестік білімнің тәжірибемен байланысы болмады деп айтады. Мен бұған келіспеймін. Есіңізде болса, мектептегі оқу барысында практикалық сабақтар болды. Әсіресе, физика, химия, биология, география, технология пәндеріндегі тәжірибелік сабақтар қызықты өтетін. Мәселен, география пәніндегі практикалық сабақта экскурсияға шығып, әлем картасымен жұмыс істеуді үйрендік. Технология пәнінен іс тігу, тоқу, ас дайындауды меңгердік. Қалай болғанда да сол кездегі білім жүйесін жоққа шығаруға болмайды.

Қазіргі уақыт – басқа. Отандық білім саласына көптеген өзгерістер енгізіліп жатқаны рас. Оның оқушылардың білім сапасына да тиіп жатқан әсері мол. Бұл өзгерістермен ата-аналар да кей жағдайда келісе бермейді. Олар балаларының білімін толықтыру үшін ақылы түрлі курстарға, дайындық сыныптарына апарды, мұғалімдер жалдайды.

Оқулықтардың сапасы туралы да түрлі пікір бар. Кейбір оқулықтардың қателері түзетіліп, қайта шығарылды. Оның бәрі – қаншама шығын. Бүгінде көпшілік арасында электронды күнделік көп талқылануда. Бұған да қарсы пікірлер жетеді. ҚР Білім және ғылым министрлігінің білім саласына енгізген өзгерістерімен көпшілік онша таныс емес. Содан түрлі пікірлер туындайды. Алдымен аталған министрлік ол реформаларды мұғалімдер мен ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізу керек. Анығын айтқанда, халыққа толық ақпарат жетпейді.

Сұхбаттасқан
Азамат ЕСЕНЖОЛ